

Жаңа Жетісай

Zhetysai.kz ★ №53 (9134) 1 желтоқсан, сәрсенбі 2021 жыл ★ Jetisay-gazet@mail.ru

Құттықтау

ЕЛБАСЫ ЕРЕН ЕҢБЕКТИҢ ИЕСІ

**Құрметті жетісайлықтар!
Қадірменді аудан қонақтары мен тұрғындары!**

Сіздерді 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

1 желтоқсан – Тәуелсіз Қазақстан үшін айрықша күн, ерекше мереке! Осыдан тура 30 жыл бұрын отандастарымыз тарихи таңдау жасады. Дәл осы күні егемен еліміздің Тұңғыш Президенті сайланған болатын. Жарқын болашаққа деген үміт жалпыхалықтық сенімге ұласты. Бұл қадам нәтижелі болып, ширек ғасыр аралығында Қазақстан әлемнің дамыған мемлекеттерінің қатарынан көріне білді.

Тәуелсіз еліміздің абыройлы асуларының Елбасы есімімен тығыз байланыста екендігіне ешкімнің дауы жоқ. Елдік дәрежедегі елеулі мерекеге айналған Тұңғыш Президент күні – Тәуелсіз, қуатты мемлекет қалыптастырған Нұрсұлтан Назарбаевтың тұлғасын айшықтайтын маңызды мереке.

Қазақстан халқы бұл мемлекеттік мерекені 2012 жылдан бастап атап өтуде. Естеріңізде болса, 2011 жылдың желтоқсан айында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының пленарлық отырысында «ҚР «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заңына

толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданған еді. Осы сәттен бастап тарихи дата мемлекеттік мерекелер қатарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ерен еңбегін атап өтіп, үлкен жетістіктерін тану мақсатында бекітілген болатын.

Мерекенің дәл осы күнге қойылуының тарихи маңызы зор. 1991 жылдың 1 желтоқсанында алғашқы бүкілхалықтық сайлаудың нәтижесінде Нұрсұлтан Назарбаев Президент болып таңдалды.

Елбасымыздың көреген саясатының арқасында бұрынғы іріленген Мақтарал ауданы Жетісай және Мақтаарал аудандары болып екіге бөлініп, бүкіл Мырзашөл халқы үлкен қуанышқа бөленген болатын. Тұңғыш Президентіміздің Мырзашөл халқына деген ықыласы ерекше екенін осыдан-ақ байқау қиын емес.

Қазақстан Республикасының халқын және бүкіл жетісайлықтарды айтулы мерекемен шын жүректен құттықтаймыз! Жерімізде тыныштық, елімізде береке шалқып, көк байрағымыз бейбіт аспанда желбірей берсін!

**Мұрат ҚАДЫРБЕК,
Жетісай ауданының әкімі,
Алихан УТАНОВ,
аудандық мәслихат хатшысы.**

Биыл елдігіміз бен мемлекеттігіміздің дамуындағы ерекше тұғырлы жыл болып отыр. Тәуелсіздік алғанымызға 30 жыл толып, енді төртінші онжылдыққа қадам басудың алдында тұрмыз. Президентіміз Қ.К.Тоқаев өзінің биылғы халыққа Жолдауында атап көрсеткендей: «Тәуелсіздік – біздің ең қастерлі құндылығымыз». Бүкіл еліміз бойынша аталып өтіліп жатқан осынау ең ұлық мерекеміз – Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігінің 30 жылдығы біздің Мырзашөл өңірінде де, оның рухани қазынасына айналған бірегей оқу ордасы – «Сырдария» университетінде де өз жалғасын табуда. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы аясында университетімізде 24-27 қараша күндері 4 күнге жалғасқан «Тәуелсіздікке 30 жыл: жаңа цифрлық дәуірде – ұлттық дамудың ұтымды жүйесін дамыту» атты халықаралық форум өтті.

ТӘУЕЛСІЗДІК ФОРУМЫ



Форумның алғашқы күні – 24 қараша, сағат 11:00-де «Тәуелсіз Қазақстан: заманауи білім өлеуеті мен жетістіктер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциямен ашылды. Конференцияны университет ректоры, философия докторы (PhD) Токмурзаев Бақыт Салманұлы ашты. Тәуелсіздікке арналған форумның ашылуымен шетелдік және отандық ғалымдар «Сырдария» университет ұжымын және оның басшылығын құттықтады. Атап айтқанда, Омбы мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Кротт Иван Иванович (Ресей Федерациясы, Омбы), И.Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Абдырахманов Толобек Абылович (Қырғызстан Республикасы, Бішкек), Ташкент облысы Шыршық мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры, химия ғылымдарының докторы, профессор Мухамедов Гафурджан Исраилович (Өзбекстан Республикасы, Шыршық), Тверь мемлекеттік университетінің ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор Ирина Ольга Юрьевна (Ресей Федерациясы, Тверь), «Болашақ» университетінің ректоры, техника ғылымдарының кандидаты, доцент Дәуренбеков Қуаныш Қойшығұлұлы (Қазақстан, Қызылорда) және Акдениз университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Омир Займоглу (Түркия Республикасы, Анталия) өздерінің ақжолтай құттықтаулары мен жылы лебіздерін білдірді.

Осыдан соң конференцияның ашылу жиынына қатысқан спикерлер баяндама жасады. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, «Тұран-Иран» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Ислам Жеманей «Тәуелсіздік және білім беру кеңістігі» атты тақырыпта баяндама жасап, еліміздегі білім беру жүйесінің қалыптасуы, оның кезеңдері, жетістіктері мен проблемаларын ашып көрсетті. Ресей Федерациясының Омбы қаласынан қатысқан спикер, «Халық өнері жоғары мектебі» (академия) Омбы филиалының директоры Душкин Алексей Михайлович «Духовно-нравственный потенциал традиционного прикладного искусства» деген тақырыпта қызықты баяндама жасады. Конференция соңын «Сырдария» университетінің «Отан және шетел тарихы» кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Мырзабай Балтабайұлы «Тәуелсіздік және «Мәңгілік Ел» идеясы: құндылықтары мен тағылымы» атты баяндамасымен түйіндеп, онда Тәуелсіздіктің мән-маңызы мен қадір-қасиетін, Тәуелсіздікке жету жолындағы қазақ халқының сан ғасырлық ұлт-азаттық күрестерін, сондай-ақ Қазақстан халқының бүгінгі ұлттық идеясы – «Мәңгілік Ел» идеясын, оның құндылықтары мен тағылымын жан-жақты ашып түсіндірді.

Конференцияны соңында қорытындылаған университет ректоры, философия докторы (PhD) Токмурзаев Бақыт Салманұлы оған қатысушыларға өз алғысын білдіріп, конференция жұмысына сәттіліктер тіледі. (Жалғасы 4-5 беттерде).

«АЛТЫН КҮЗДІҢ»

үздіктері марапатталды

Өткен аптада облыс орталығы Түркістанда ҚР Ауылшаруашылығы қызметкерлері күніне орай «Алтын күз-2021» мерекелік іс-шарасы өтті. Салтанатты жиында ауылшаруашылығының сан түрлі салаларында үздік атанған өңбекші қауым өкілдері мен аудан басшылары марапатталды.

Жетісай ауданы осы мерекеде ауылшаруашылығы жобаларын несиелендіруден ең үздік аудан, бақша өндіруден ең үздік аудан, егін шаруашылығы өнімдерін экспорттаудан «Озат аудан» номинациясын иеленіп, марапатталды. Сонымен қатар Кенжебай шаруа қожалығы (Жылы су ауыл округі) Бекзат Сәбденов «Озат бақша өндіруші», «Мақталы жер» ЖШС (Ғалым Дүйсенбеков) ауылшаруашылығы техникасын жаңарту бойынша марапатталып, ҚР Ауылшаруашылығы Министрінің «Құрмет» грамотасымен, «Нұрлы жол» шаруа қожалығының механизаторы Қасымбек Санаев және аудандық ауылшаруашылығы бөлімінің бас маманы Ерқуат Тұрғынбаев облыс әкімінің Алғыс хатын иеленді.

"ЖАҢА ЖЕТІСАЙ" газетіне

жазылу жалғасуда

Құрметті аудандық «Жаңа Жетісай» қоғамдық-саяси газетінің оқырмандары!

Ауданның тыныс-тіршілігімен біте қайнасып, елдің муңына атүсті қарай алмай біліктің назарына арнап қаламын қамдаған тілшілердің тұшымды мақалалары, туған жердің мерейін көтеруге бағытталған қандай да жағымды жаңалықтарды өздеріңізбен бөлісуге құштар «Жаңа Жетісай» газетіне 2022 жылға жазылу науқаны жүруде. Білік пен халық арасындағы «алтын көпір» болған тарихи қарашаңырақ басылым алдағы уақытта да ақпарат-жаңалықтардың жедел жаршысы болмақ. Сондай-ақ, қалың оқырманнан келіп түскен хабарландырулар, құттықтаулар, көңіл айтулар мен оқырмандарымыздың мақалалары газет бетіне жарияланатын болады.

«Жаңа Жетісай» газетіне жазылу бағасы 6 айға «Қазпошта» арқылы – 2497,26 теңге, «Ернұр пресс» арқылы – 2526 теңге, «Эврика-медиа» арқылы – 2500 теңге. Индекс: 65851. Сондай-ақ, Жетісай қаласында орналасқан мекемелер мен оқу орындары тікелей газет редакциясына ұжым болып жазылуға да болады. Редакцияға келіп жазыламыз деушілерге 6 айға 2040 теңге.



ТӘУЕЛСІЗДІК ФОРУМЫ

(Соңы. Басы 1-бетте).

«Тәуелсіздікке 30 жыл: жаңа цифрлық дәуірде – ұлттық дамудың ұтымды жүйесін дамыту» атты халықаралық форумның алғашқы күні (24.11.2021 жыл) түстен кейін сағат 15:00-де секциялық мәжілістер өтті. «Білімді цифрландыру – адами капиталды дамытудың қозғаушы күші» атты секциялық мәжілістің модераторы, философия докторы (PhD) Нұрбек Мұратбек Анарбайұлы болды. Секциялық мәжілісте педагогика, білім беру жүйесін дамытуға байланысты өзекті де маңызды мәселелер сөз болды. Атап айтқанда, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Доспанбетова Анара Шаймахановна «Болашақ мұғалімдердің цифрлық технологияларды қолдану құзиреттілігін қалыптастырудың кейбір мәселелері» атты тақырыпта, Шыршық мемлекеттік педагогикалық институтының педагогика ғылымдары бойынша философия докторы (PhD) Абдуллаева Гавхар Сапаровна «Инклюзивное образование студентов с инвалидностью в Узбекистане», Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Эргашев Шухрат Эргашевич «Туркестанская автономия – демократический путь развития государственности», «Сырдария» университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Ахметова Гүлнар Батырбекқызы «Онлайн оқыту жағдайында инфокоммуникациялық өзара іс-әрекетті ұйымдастыру», Алматы гуманитарлық-экономикалық университетінің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты Тәңірбергенова Денетай Тәңірбергеноқызы «Педагогика любви – педагогика великой степи», Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің «Қазақстан халқы Ассамблеясы және әлеуметтік-саяси пәндер» кафедрасының доценті, философия ғылымдарының кандидаты Сәрсембин Үмбетхан Қуандықұлы «Алаш арыстары аңсаған тәуелсіздік», Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің философия докторы (PhD) Шегенбаев Нұрқасым Бейсенбайұлы «Спорт үйірмелеріндегі жаттықтырушылардың шеберлігін жоғарылату әдістемесі», Ресей Федерациясынан педагог-психолог Остапенко Ольга Владимировна «Социально-психологические методы адаптации к ОНЛАЙН занятиям студенческой молодежи в условиях пандемии COVID-19», «Сырдария» университетінің философия докторы (PhD) Сейдинова Мөлдір Зикирқызы «Қазақстандағы инклюзивті білім берудің тенденциялары» және осы ЖОО-ның доценті, филология ғылымдарының кандидаты Авдонин Владимир Викторович «Демифологизация советской идеологии в прозе В.Н.Войновича» атты тақырыптарда баяндамалар жасады. Кейбір спикерлерге қосымша сұрақтар қойылып, оған жауап берілді. Мәжілістің соңын модератор қорытындылап, спикерлерге өзінің алғысын білдірді.

Осымен бір уақытта «Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер: өзекті мәселелер, жетістіктер мен инновациялар» атты секциялық мәжіліс өтті. Модераторы техника ғылымдарының кандидаты, доцент Жолдасов Сазахан Аманұлы болды. Бұл секция бойынша да мәжілісте өте өзекті де маңызды мәселелер қарастырылды. Атап айтқанда, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры, техника ғылымдарының докторы Баймахан Рысбек Баймаханұлы «К определению приведенных физико-механических свойств грунтов оползневого склона Коктобе города Алматы», Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты Унербаева Зульфия Оралбайқызы «Қазіргі кезде мұғалімге қойылатын талаптардың өзгеруі», М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің философия докторы (PhD) Назарбек Ұлжалғас Бақытқызы «Возможность использования техногенных отходов в качестве сырья для получения органоминеральных удобрений» Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Тажигулова Альмира Избасарқызы «Презентация электронных учебников и методологии их разработки», «Сырдария» университетінің доценті, химия ғылымдарының кандидаты Ибраимов Шыназбек «Квант-химиялық есептеу әдістерінің аналитикалық химияда

қолданылуы», осы ЖОО-ның доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты Бердалиева Тилла Досымбекқызы «Формирование научного мировоззрения школьников в процессе обучения физике», осы университеттің Инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының директоры, химия ғылымдарының кандидаты Қобланова Оңғаркүл Нұрмағамбетқызы «Ұстаздың беделі және оның кәсіби тұрғыдағы біліктілік қасиеттері» және Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің доценті, химия ғылымдарының кандидаты Шаграева Бибігүл Бекенқызы «Орта мектепте химияны қашықтан оқытуды жүзеге асыру» атты тақырыпта баяндамалар жасады. Баяндамашыларға қосымша сұрақтар қойылды. Соңында спикерлерге өзінің алғысын білдірген Сазахан Аманұлы мәжілісті қорытындылады.

Осы күні сонымен бірге «Құқықтық, экономикалық аспектілер және цифрландыру» атты секциялық мәжіліс өтті. «Құқық және экономика» кафедрасының ұйымдастыруымен өткен бұл мәжілісті модератор ретінде заң ғылымдарының кандидаты, доцент Ынтымақов Советжан Арғынбайұлы жүргізді. Мақсаты – экономикалық даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану арқылы халықтың өмір сүру сапасын жақсарту болған бұл секциялық мәжілісте де маңызды мәселелер көтерілді. Д.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының доценті, заң ғылымдарының кандидаты Құрманалиева Эльмира Бахытжанқызы «Жылжымайтын мүлкті электрондық тіркеу тәртібі», «Сырдария» университетінің профессоры, заң ғылымдарының докторы Жандарбек Бауыржан Абылқасымұлы «Актуальные проблемы защиты прав граждан при использовании цифровых технологий», университет профессоры, философия ғылымдарының докторы Ахметов Кумар Нургадиевич «Социально-правовое и законодательно-правовое воспитание», Орталық Азия инновациялық



университетінің доценті, экономика ғылымдарының кандидаты Еркебалаева Венера Зейнуллаевна «Налоговый контроль: теория и методология», Д.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты Абдуллина Лейла Марсовна «Цифровизация бизнеса: правовой аспект», Өзбек мемлекеттік аграрлық университетінің доценті Тулаганов Кутипидин Зухриддинович «Экологические проблемы Средней Азии в XXI веке», Тәжік мемлекеттік заң, бизнес және саясат университетінің доценті Турдимуратова Парвина Мухамматовна «Концептуальные основы антикризисного управления в современной экономической науке» және М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің аға оқытушысы Жарықпапова Гүлзагира Парменбаевна «Құқық қорғау органдары, прокуратура және сот арасындағы өкілеттіліктер мен жауапкершілік аймақтарының аражігін ажырата отырып, үш буынды модельді қалыптастыру ерекшеліктері» атты тақырыптарда баяндамалар жасады. Спикерлерге қосымша сұрақтар қойылып, оған жауап берілді. Қатысушылар өте өзекті мәселелерді көтеріп, жоғары дәрежеде өткен секциялық мәжіліске өз алғыстарын білдірді.

«Тәуелсіздікке 30 жыл: жаңа цифрлық дәуірде – ұлттық дамудың ұтымды жүйесін дамыту» атты халықаралық форумның екінші



күнінде (25 қараша) де өте қызықты да өзекті мәселелерді көтерген іс-шаралар өтті. Осы күні сағат 11:00-де «Ұлт қайраткері, ұлттық рухтың ұраншысы – Өзбекәлі Жәнібековтің туғанына 90 жыл» атты вебинар болды. Вебинардың жүргізуші-модераторы «Сырдария» университетінің Ғалымхатшысы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Әбенова Ләззат Усманқызы. Алғашқы болып сөз алған белгілі қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Мырзатай Жолдасбеков өзінің Өзбекәлі Жәнібеков туралы жазған «Есте қалған естеліктерімен» бөлісті. Белгілі ғалым, мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің ешкім біле бермейтін кейбір мінез-құлықтары мен адами, ізгі қасиеттері жөнінде сыр шерткен ғалымның қызықты да тағылымды өңгімесі көпшілікті жақсы әсерге бөледі. Филология ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері Құлбек Ерғөбек «Өзбекәлі Жәнібеков – ұлттық рухтың ұраншысы» атты

батындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты Пасилов Баходир Абдуллаевич, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, саясаттану ғылымдарының докторы Бәкір Әбдіжәлел Қошқарұлы, Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы, профессор Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы және Жетісай қаласындағы мамандандырылған «Дарын» мектеп-интернатының аға оқытушысы, ғылым магистрі, үздік оқытушы Молдадосова Алтынай Қайыпқызы қатысты. Сондай-ақ, «Сырдария» университетінің профессор-оқытушылары мен студент-жастары қатысқан бұл іс-шараны университеттің «Отан және шетел тарихы» кафедрасы (жетекшісі т.ғ.к., доцент Алашева Сәбира) ұйымдастырды. Халықаралық «дөңгелек үстелді» модератор ретінде «Филология және гуманитарлық білім» факультетінің деканы, т.ғ.к., доцент Мырзабай Балтабайұлы жүргізді.

Халықаралық «дөңгелек үстелді» ашқан модератор өзінің алғашқы сөзінде тәуелсіздікке жету жолындағы Алаш қозғалысының тарихи маңызын, Алаш идеясының мәнін, оның жаңа заманға сай құбылып тарих сахнасына шығуын және тәуелсіздігімізді алумен алаш арыстарының арман-мұраты орындалғандығын қысқаша атап көрсетті. Қырғыз елінен қатысқан спикер З.К.Карпеков «Тұрар Рысқұлов и Юсуп Абдрахманов: уроки дружбы и братства» деген тақырыпта баяндама жасады. Онда қазақтың біртуар ұлы, белгілі мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұлов пен қырғыз халқының қайраткері Жүсіп Абдрахманов арасындағы шынайы достық қарым-қатынас, жалпы қазақ пен қырғыз халықтарының тарихтың сын сағаттарында бір-біріне жасаған туысқандық көмегі сөз болды. Өзбекстандық тарихшы Б.А.Пасиловтың «Туркестанская автономия и Алаш» атты баяндамасында Түркістан автономиясының құрылуының тарихи маңызы, оның алаш қайраткерлерімен қарым-қатынасы және жалпы түркі бірлігі мәселелері айтылды. «Мұстафа Шоқай тәуелсіз ұлттық мемлекет туралы» атты баяндама жасаған Ә.Қ.Бекіров осы ұлы қайраткердің ұлт мүддесі мен түркі бірлігі жолындағы күресін баяндап берді. Спикер сонымен бірге тәуелсіздік туралы өз ойларын да ортаға салды. Профессор А.И.Құдайбергенова «Қазақстандағы XX ғ. 20-30 жж. ашаршылық пен босқынышылық тарихына жаңа көзқарас» деген тақырыпта баяндама жасап, онда өткен ғасырдағы тарихымыздың ең қасіретті беттерін, қолдан жасалған голощекиндік ашаршылық пен босқынышылық проблемаларын кең көлемде тарқатып айтты. Ал спикер А.Қ.Молдадосова қазіргі таңдағы орта мектептерде Алаш қозғалысы тарихының оқытылуын және оның жетістіктері мен кемшіліктерін сөз етті. Соңында «Отан және шетел тарихы» кафедрасының жас оқытушысы Нұрмахан Шынтаев ел тәуелсіздігі мен алаш арыстары жөнінде өз ойларын ортаға салды.

Мемлекеттілігіміздің қайта жаңғырып, еліміздің осындай бақытты күнге жетуіне Алаш арыстарының сіңірген еңбегі зор екендігін, елінің азаттығы мен болашағы үшін жан аямай күресіп, жандарын құрбан өткен Алаш қайраткерлерінің күресі Отан тарихының терінен орын алатын, тарихи маңызы зор оқиға болып табылатындығын айтқан жүргізуші, Алаш арыстарының бойындағы мемлекетшілдік пен ұлттық рухы, отаншылдығы мен ұлтжандылығы, зор қажыр-қайраты мен күрескерлігі бүгінгі қазақ халқына,

«Дөңгелек үстелге» Қырғыз Республикасы

Сыртқы Істер министрлігі Дипломатиялық академиясының проректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Курманов Зайнидин Карпекевич, Низами

өсіресе жас ұрпаққа үлгі-өнеге болуы керектігін, Алаш тарихының тағылымы да осында екендігін айтып, парасатты байлам жасады. Осылайша өз мөресіне жеткен танымдық, тағылымдық бұл іс-шараға қатысушылардың отаншылдық, ұлттық рухын көтеріп, рухани ләззат сыйлады.

Осы күні сағат 15:00-де «Цифрлы экономика және бизнес» тақырыбында халықаралық «дөңгелек үстел» болды. «Сырдария» университетінің доценті, заң ғылымдарының кандидаты Ынтымақов Советжан Арғынбайұлы модератор болған бұл жиында маңызды мәселелер көтерілді. Атап айтқанда, Тәжік мемлекеттік заң, бизнес және саясат университетінің доценті, экономика ғылымдарының кандидаты Самадов Рустам Исакович «Управление процессами формирования инновационного потенциала национальной политики РТ», Д.Қонаев атындағы Еуразия заң академиясының доценті, заң ғылымдарының кандидаты Омирчиева Эльмира Маратовна «Проблемы правового регулирования цифровизации социально-экономических отношений в РК», Халқаралық бизнес университетінің доценті, заң ғылымдарының кандидаты Калиева Гульмира Садуақасовна «Государственное регулирование предпринимательской деятельности в РК», Түркістан облысы кәсіпкерлер палатасы

Гагарин атындағы жалпы орта мектебінен Айдауова Базаркүл, С.Ерубаяев атындағы жалпы орта мектебінен Қасымбекова Нұржамал және І.Жансүгіров атындағы жалпы орта мектебінен Қасымбеков Нұрболат өздерінің шәкірттерімен қатысып, қолөнер бұйымдарын көрмеге қойды. Сонымен қатар, көрмеге «Сырдария» университетінің «Бейнелеу өнері және сызу», «Кәсіптік оқыту» және «Дизайн» білім беру бағдарламасының студенттері де өздерінің шығармашылық жұмыстарын ұсынды. Көрмеге келген жұрт оқушы және студент жастар өз қолдарымен жасаған көздің жауын алатын өнер туындыларын, сурет картиналарын көріп тамашалап тамсанды, рухани ләззат алды. Шебер оқушылар мен студенттер көпшілікке өздері жасаған қолөнер туындыларын, суреттерін сипаттап, олардың тарихымен, жасалу ерекшеліктерімен таныстырды. Көрме соңында жетекшілерге сертификат және сыйлықтар, ал шебер оқушылар мен студенттерге I, II, III дәрежелі дипломдар табысталды.

Осы күні «Syrdariya Science Contest» халықаралық жастар онлайн-слеті өтті. Онлайн-слеттің модераторы ретінде «Сырдария» университетінің «Жаратылыстану ғылымдары» факультетінің деканы, Жас ғалымдар кеңесінің төрайымы,



Жетісай аудандық филиалының басшысы Бапаев Талғат «Атамекен Кәсіпкерлер палатасының жаңа цифрлық дәуірдегі іс-әрекеті», М.Әуезов атындағы ОҚУ, Трансформация Кеңсесінің директоры Ачилов Нұрбек Тахирович «Перспективы и вызовы цифровизации экономики и бизнеса в регионах РК: от базовых знаний до профессиональных компетенций», «AZALA Cotton» ЖШС-нің қаржы директоры Байтұлеуов Сұлтан Сәбитұлы «Современное состояние конкуренции и конкурентоспособности в хлопководстве» және «Сырдария» университетінің ғылым магистрі Бакиев Ержан Амангелдіұлы «Қазақстан Республикасындағы демографияның және еңбек өлеуеті көші-қонының қазіргі тенденциясы» атты тақырыптарда баяндама жасады. Кейбір қойылған сұрақтарға спикерлер нақты жауап берді. Соңында модератор қатысушыларға өз алғысын білдіріп, жиынды қорытындылады.

«Сырдария» университетінде өткен Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған халықаралық форумның үшінші күні (26.11.2021) жас ғалымдар мен болашақ ғалымдарға берілді. Осы күні сағат 11:00-де «Таланттар фабрикасы» атты дарынды жастардың республикалық жас суретшілер мен қолөнер шеберлерінің көрмесі өтті. Көрме жетекшісі «Сырдария» университетінің аға оқытушысы, ғылым магистрі Тастөков Нұрбек Қалдарбекұлы болды. Көрмені ұйымдастырудағы басты мақсаты – өскелең ұрпақтың адамгершілік-патриоттық сезімдерін ояту, жас ұрпақты Отанын, елін, жерін сүйуге тәрбиелеу, оқушылар мен студенттерді ұлттық құндылықтарымызға және мәдениетімізге баулу, өлкенің әсем табиғатын жанымен сезінетін жастардың шығармашылығын шыңдау, сондай-ақ жастардың жеке шығармашылығын дамыту, әрі кеңінен насихаттау болды.

Көрмеге Жетісай және Мақтаарал аудандарының мектептері қатысты. Атап айтқанда, Б. Момышұлы атындағы мектеп-гимназиясынан Жайлығанов Ырзабек пен Мақсат Бишанов, Түркістан жалпы орта мектебінен Тажеуханова Айсұлу, Сыдықова Гулмира, И. Байзақов атындағы жалпы орта мектебінен Роза Жаңабаяева, Түймебаева Гүлшат, №1 «Мырзакент» мектеп гимназиясынан Тамбаев Тұрсынбай, Ю.

философия докторы (PhD) Небесаева Жанар Орынбекқызы жүргізді. Отандық және шетелдік жас ғалымдар қатысқан бұл жиында да өте өзекті мәселелер көтерілді. Атап айтқандай Қаз ҰПУ-нің философия докторы (PhD) Уайдуллақызы Эльмира «Дүниежүзі жас ғалымдары платформасының дамуы», Шыршық мемлекеттік педагогикалық институтының философия докторы (PhD) Ахмедов Божан Асқаович «Новые тенденции развития цифровизации образования в высших учебных заведениях», Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Жас ғалымдар қауымдастығының төрайымы, философия докторы (PhD) Абдраимова Мөлдір Рашидқызы «Жас ғалымдар қауымдастығының жұмыс барысы», М.Әуезов атындағы ОҚУ Жас ғалымдар қауымдастығының төрайымы, философия докторы (PhD) «Тәуелсіздік құрдасы ел жетістігін еселеуде», Е.Букетов атындағы Қарағанды университетінің философия докторы (PhD) Жаникулов Нұрғали Нұдырұлы «Қазақстанда экологиялық таза стоматологиялық мырыш-фосфатты цемент алу технологиясын әзірлеу», «Сырдария» университетінің түлегі, қазіргі Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің «Археология, этнология және музология» кафедрасының 2-курс докторанты Молдахмет Архад Айтжанұлы «Тұңғыш этнограф, ғалым Өзбекәлі Жәнібеков», Л.Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университетінің докторанты Мұхитов Орынбасар Мақсатұлы «Қазақстанда саяси биліктің қалыптасу кезеңдері» атты тақырыптарда баяндамалар жасады. Соңында модератор қатысушыларға өз алғысын білдіріп, онлайн-слетті қорытындылады.

«Тәуелсіздікке 30 жыл: жаңа цифрлық дәуірде – ұлттық дамудың ұтымды жүйесін дамыту» атты халықаралық форумның соңғы күні – 27 қараша, сағат 11:00-де «Syrdariya Sport» балалар спорт көшенінің ашылу салтанаты болды. Қазіргі кезеңде елімізде адами капиталды дамытуға үлкен көңіл бөлініп отырғаны белгілі. Ол үшін халыққа сапалы білім ғана емес, мықты денсаулық та қажет. Ал дені сау ұлт қалыптастыруда спорттың маңызы орын алады. Сондықтан ел спорттың дамытуының маңызы зор. Осы бағытта өзі де спорт ардагері болған академик Оңалбай Аяшев Жетісай қаласының ортасынан балаларға арналған «Syrdariya



Sport» көшенін ашуының өңір спортын дамытудағы маңызы өте зор. Спорт көшенінің ашылуына еліміздің күрес спортының Қажымұханнан кейінгі алыбы, UWW Asia (Біріккен күрес өлемі – Азия) президенті, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, қоғам қайраткері Тұрлыханов Дәулет Болатұлы, Жетісай ауданының әкімі Қадырбек Мұрат Болатұлы, Түркістан облыстық мәслихат депутаты, ҚР журналистер одағы Түркістан облыстық филиалының төрағасы Ғалымжан Елшібаев, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Айгүл Қапбарова, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Құдайберген Ержан Төлепұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылым академиясының вице-президенті Құрманәлиев Кәрімбек Арыстанбекұлы, Саффолк университетінің (Ұлыбритания) профессоры, философия докторы (PhD) Дабабата Чоудхури, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ЖОО қауымдастығының президенті, «Тұран» университетінің ректоры Рахман Алшанов, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Өнер және Петров академиясы ғылымдарының академигі, ЖБ ФМББМ Омбы филиалы «Халық өнері жоғары мектебі (академия)» директоры Амиргазин Кайыртай Жакупович, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы Мархабат Байғұт, Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, ҚР Журналистер одағы Түркістан облыстық филиалының төрағасы Елшібаев Ғалымжан Қамытбекұлы және «Сырдария» университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Ахметова Гульнара Батырбековна Тәуелсіздік форумның сәтті өтуімен құттықтап, «Сырдария» университетінің болашағына, университет басшылығы мен ұжымына және студент-жастарына толағай шығармашылық табыстар тіледі.

Форумның соңында Ғалым-хатшы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Әбенова Ләззат Усманқызы «Сырдария» университеті ұжымының Қазақстан ЖОО профессор-оқытушылары мен студенттеріне, Түркістан халқына Үндеуі жарияланды.

Мырзабай МЕЙІРБЕКОВ,
«Сырдария» университетінің
«Филология және гуманитарлық
білім» факультетінің деканы, тарих
ғылымдарының кандидаты, доцент.

Тәуелсіздік форумның ҮНДЕУІ

Құрметті бауырлар!
Тәуелсіздік – біздің ең қастерлі құндылығымыз. Тәуелсіздігіміздің 30 жылы баянды болсын! Жаңа жетістіктер жақсылыққа жетелесін!

Тұңғыш Президентіміз, Елбасының дара саясатының арқасында табысты ел ретінде бүкіл әлемге танымақ болдық. Ең басты жетістігіміз – біртұтас ел болып, жаңа мемлекет құрдық. Тұрақты қоғам қалыптастырып, орнықты даму жолына түстік. Мемлекеттілігімізді нығайту үшін бір Ел болып еңбек етіп жатырмыз. Біз үшін ең маңыздысы – әр азаматтың Тәуелсіздік игілігін сезінуі. Оның басты құндылығы – елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауы мен күні кеше жарияланған Елбасының «Елдіктің жеті тұғыры» Үндеуі – мемлекеттік саясаттың мақсаттары мен міндеттерін айқындайтын ауқымды стратегиялық құжат, елдің саяси жаңғыруына жасалған сәтті қадам, тәуелсіз қазақ елінің кемелді келешекке деген көркем сенімі.

Қасиетті Жиделібайсында, Мырзашолдың төрінде, алтын алқапты мақтаның Отаны – Мақтааралда,

жарты ғасырлық тарихы бар Жетісай қаласында орналасқан, күнгейлі жастардың білім кумбезіне айналған «Сырдария» университеті заманауи сұранысқа ие, бәсекелестікке қабілетті жогары білікті мамандар даярлауда.

Университет ширек ғасыр ішінде білім жүйесіне, еліміздің экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамуына сүбелі үлес қосып келеді. Біз қаладан шалғайда орналасқан елді-мекендердің жастары мен Өзбекстан Республикасында тұрып жатқан қандас бауырларымызды білім нәрімен сусындатып жатқанымызды нық сеніммен айта аламыз. Себебі, біздің тұлғаларымыз мақталы аймақтың элитасын құрайды және еліміздің даму бағытының қалыптасуына атсалысып келеді. Бұл – біздің маңызды нәтижесіміз.

«Сырдария» университеті – Түркістан облысындағы аймақ тұрақтылығының кепілі. Университеттің өзі – Тәуелсіздіктің жемісі.

«Сырдария» университетінің профессор-оқытушылары мен студенттері Сіздерді Елбасы анықтап берген «Елдіктің жеті тұғыры» мен Жолдауды қолдауға және белгіленген міндеттер мен іс-шараларды бірлесіп атқаруға шақырады!

Ұлы даланың жаңғыру мен жаңару жолындағы, жаңа кезеңіндегі биіктерін бірге бағындырайық!